

## Көше атын беру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімдігі Рысқұлов ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 11 қаңтардағы N 1 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 15 қаңтарда N 14-14-97 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына және ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Азаттық ауылындағы бұрынғы Түлкібас көшесіне Шонан Тұрсынбековтің аты берілісін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өз құзыретіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

*Ауылдық округ әкімі*

*С.Таңатбаев*